

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Саимова Рита Ургенчбаевнаның 6D060700 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Оңтүстік –шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae) тіршілік айналымдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлерсәйкестігі	Ресмирецензенттіңұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Ғылымның даму бағытына сәйкес. Диссертациялық жұмыс Оңтүстік–шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae) тіршілік айналымдарын зерттеуге бағытталған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дауының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Бұл диссертациялық жұмыстың мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаға немесе мемлекеттік бағдарламаларға қатысы жоқ. Диссертациялық жұмыс 8D051 – Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыттары бойынша дайындалған.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу жұмыстарын жүргізу барысындағы ғылыми жетістіктері қомақты деп айтуға тұрарлық. Диссертант алғаш рет оңтүстік–шығыс

			Қазақстанның агроландшафт биотоптарында барылдауық қоңыздардың аннотациялық тізімін жасап, онда 27 туысқа жататын 73 түрі анықтаған, олардың экологиялық және биологиялық ерекшеліктері жайлы мәліметтер берген. Мұны диссертанттың ғылымның дамуына қосқан үлесі деп білемін.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өзі жазбаған	Р.У. Саимованың диссертациялық зерттеу жұмысы өте жатық, оқуға жеңіл, ғылыми тілде жазылған. Диссертант алдына қойған мақсаты мен міндеттерін толығымен орындай білген. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлестігі, үндестігі және байланысы айқын байқалады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі толығымен негізделген. Оңтүстік–шығыс Қазақстанның агроландшафтарында кездесетін топырақ фаунасының экологиялық және фауналық мәселелерін зерттеудің маңызы зор. Өйткені оңтүстік–шығыс Қазақстанның кейбір аудандарының жер қыртысындағы барылдауық қоңыздардың фаунасы мен тіршілік айналымдары осы кезге дейін зерттелмеген. Сондықтан бұл бағыттағы жүргізілген жұмысы өзекті болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының материалдары, диссертацияның барлық зерттеуге қатысты тарауларын, жетекші идеяларын, зерттеу объектілерінің барлық компоненттерін толық қамтиды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының мақсаты: Оңтүстік–шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Carabidae) түр құрамын анықтап, кең таралған түрлерінің тіршілік айналымдарындағы ерекшеліктерін айқындап, таралуын және практикалық маңызын зерттеу болып табылады. Мақсатқа сәйкес міндеттер нақты қойылған және орындалған.

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен құрылымы ғылыми нәтижелердің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық, бірізділікпен дұрыс байланысқан. Алынған зерттеу нәтижелері тұжырымды сипатталған, қойылған мақсат-міндеттерді шешуге арналған. Сондықтан да жұмысты логикалық бір ізді аяқталған, алдына қойылған мақсат міндеттері толық орындалған деп қарауға болады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Автордың ұсынған жаңа шешімдері ғылыми негізде нақтыланған. Зерттеу кезіндегі жұмыстың мақсаты мен міндетіне сәйкес зерттеу материалдары мен әдістері ұтымды қолданылған. Автор диссертациялық жұмысты жазу үшін қажетті материалдарды жинап, өндеген. Энтотомологиялық зерттеулерде қолданылатын барылдауық қоңыздарды жарық көзіне жинау, арнайы энтотомологиялық сүзгімен жинау, топырақ тұзағымен жинау әдістері кең түрде қолданылған. Жұмыста сыни талдаулар мен нақты ұсыныстар келтірілген.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Алынған нәтижелер зерттелген өңірдің агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың 27 туысқа жататын 73 түрінің аннотациялық тізімі жасалып, маусымдық динамикасы, тіршілік айналымдарындағы ерекшеліктері, практикалық маңызы анықталып, егістіктерге зиянкес түрлерімен күресу шаралары өндіріске енгізілген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа. Ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар, жұмыстың ғылыми жаңалығы диссертация тақырыбымен, мақсат-міндеттерімен негізделеді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық,</p>	<p>Диссертациялық жұмыс барысындағы жасалған</p>

		экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңаемес (25% кем жаңаболыптабылады)	тұжырымдар, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылып, жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделген.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Р.У.Саимованың диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, негізделген. Қорытындылардың негізділігі теориялық-әдістемелік, биологиялық, экологиялық, энтомологиялық әдістермен үйлестірілген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	Диссертациялық жұмыстың таруларында қағидат дәлелденген. Әр қағида бойынша биологиялық, экологиялық, энтомологиялық зерттеу әдістермен негізделіп, қағидалар дәлелденіп, биология саласын қалыптастыруда елеулі үлесін қосқаны дәлелденген.
		7.2 Тривиалдыма? 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған ғылыми деректер тривиалды емес , ғылыми тұрғыдан дәлелденген, алдағы уақытта қолдану ауқымы кең және бұл докторанттың мақалаларында дәлелденген.
		7.3 Жаңама? 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған деректер толығымен жаңа, ізденушінің практикалық зерттеу барысында алынған.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	Зерттеушінің тәжірибе нәтижесінде алынған мәліметтер биология саласының зоология, систематика, энтомология ғылымдарында үлкен қолданысқа ие.
		7.5 Мақалада дәлелденгенбе? 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның мазмұнына сәйкес, зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелері 9 ғылыми еңбекте ұсынылып, талқыланған.
8	Дәйектілік принципі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген	Әдістеменің таңдауы орынды негізделген. Зерттеу

	Дереккөздер мен ұсынылған	немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	жұмыстарын жүргізу үшін қолданған әдістемелер дұрыс таңдалып, негізделген және әдіснамасы нақты жасалған. Соның нәтижесінде алға қойылған мақсаты толық орындалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар Абай атындағы ҚазҰПУ, жаратылыстану және география институтының, биология кафедрасында жүргізілген далалық-тәжірибелік жұмыстарымен дәлелденген және расталған. Зерттеу жұмысының тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық ғылыми конференциялар материалдарына сілтеме жасау арқылы растаған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жарияланған ғылыми мақалалар алыс-жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарға, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті,

		әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	172 отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми әдебиеттері қолданылған. Әдебиеттер жаңа және ағылшын тіліндегі рейтингі жоғары журналда жарияланған мақалаларға сілтемелер жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Диссертацияның теориялық маңызы бар: оңтүстік – шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың түр құрамымен популяциясының құрылымын, кең таралған түрлерінің маусымдық динамикасын, тіршілік айналымдарындағы ерекшеліктерін, практикалық маңызын анықтап, зиянкес түрлерімен күресу шараларына жасаған ұсынысы маңызды болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: жұмыстың нәтижелері агроландшафттардың карабидофаунасының тізімі өңірдің омыртқасыздар каталогына енгізілген; оңтүстік – шығыс Қазақстандағы кең таралған егістіктердегі барылдауық қоңыздардың даму циклдерінің ерекшеліктері анықталып, зиянкес түрлерімен күресу жолдарын практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Оңтүстік – шығыс Қазақстандағы кең таралған егістіктердегі барылдауық қоңыздардың даму циклдерінің ерекшеліктері анықталып, зиянкес түрлерімен күресу жолдары ұсынылған; агроценоздарында барылдауық қоңыздардың даму кезеңдерінде дәнді дақылдардың зиянкестерімен күресу шаралары ұсынылып өндіріске енгізілген. Жұмыстың нәтижелері оқу үрдісіне «Зоология», «Зоология практикумы» пәндері бойынша дәріс курсына және практикалық сабаққа, ЖОО-ның биология, зоология және экология пәндері бойынша оқу үрдісінде қолдану туралы енгізу акт берілген.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Академиялық жазу сапасы – жоғары. Диссертациялық жұмыстарға негізгі анықтамалар, сөздіктер мен

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	қысқартулар жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның тілі, құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптармен сәйкес келеді.
--	--	--	--

Саимова Рита Ургенчбаевнаның диссертациялық жұмысының ғылымилығы және жаңалығымен қоса келесі ескертулер бар:

1. Жұмыста орысша сөздер кездеседі «типi», «класы», «отряд», «имаго», т.б. Сол сөздердің қазақша атауы берiлсе.
2. Әдеби шолуда автор жалпы сұрақтардың толықтай қарастырылуына көңiл бөледi.
3. Мәтiнде орфографиялық және стилистикалық қателер кездеседi

Бұл кемшiлiктер диссертацияның мазмұнын, мәнін төмендетпейдi.

Шешiм: Р.У.Саимованың 6D060700/8D05101 – Биология мамандығы бойынша «Оңтүстік–Шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae) тіршілік айналымдары» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ережесіне толықтай сәйкес келетін жұмыс деп санаймын. Саимова Рита Ургенчбаевнаның 6D060700 / 8D05101 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ресми рецензент:
 ҚазҰАУ, «Өсімдіктерді қорғау және карантин» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты

Бағдалет



Таранов Багдавлет

Б. Тарановтың қолын растаймын
 Бас ғылыми хатшы



У. Керимова